

ТОО «Сименс Здравоохранение», SHS CEECA KAZ, үл.Хаджи Мукана, 22/5,
050020, Алматы, Республика Казахстан

Аты-жөні
Бөлімше

Акиик Мұхамедкалиева
SHS CEECA KAZ CS

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және фармацевтикалық бақылау
комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық
бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Бірегей тіркеу
нөмірі
Электрондық
пошта

372
service.kz@siemens-healthineers.com

Күні

31.10.2025

Қызығушылық танытқан барлық тараптардың назарына

Тұтынушылардың қауіпсіздігіне қатысты анықтамалық
хабарлама, MR040/25/S

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ АНЫҚТАМАЛЫҚ ХАБАРЛАМА

Магниттік желдету жүйесін тексеру

Құрметті тұтынушы,

Бұл хат 3 Tesla MRI жүйесінің магниттік желдету жүйесінің жолдарымен байланысты ықтимал қауіпсіздік мәселесін хабарлауға арналған. Бұл мәселені шешіп, емделушілерге, операторларға немесе басқа адамдарға қауіп төнуінің алдын алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету ұйымы тексеру жүргізеді.

Бұл қандай мәселе және ол қашан пайда болады?

Ықтимал қате: магниттік желдету жүйесінің ішінде мұз тығын болуы мүмкін.

Гелийдің лезде булануы кезінде гелий газы арнайы желдету жолдары арқылы шықпауы, содан гелийді ұстау жүйесінде қысым түзілуі мүмкін. Бұл қысымның түзілуі соңында гелийді ұстау жүйесін бұзуы, сол себепті гелийдің сканерлеу бөлмесіне жылыстауы мүмкін.

Денсаулыққа қандай зиян тигізуі мүмкін?

Магниттегі гелийдің лезде булануы және арнайы желдету жүйелерінде толықтай мұз тығынның пайда болуы жағдайында буланған гелий сканерлеу бөлмесіне жылыстауы мүмкін.

Бұл кезде сканерлеу бөлмесіндегі кез келген адам тұншығуы мүмкін. Сондай-ақ гелий газының кенеттен шығарылуы адамдардың күйіп қалуына және/немесе жарақат алуына немесе жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Ішкі зерттеу нәтижесіне сүйенсек, тексеру жүргізілгенге дейін жүйені пайдалануды жалғастырсаңыз болады.

Бұл мәселе қалай анықталды?

Siemens Healthineers бұл мәселені сатудан кейінгі қадағалау кезінде анықтады.

ТОО «Сименс Здравоохранение»
Мархабат Рахимбаева, Бас директор
Татьяна Коростелёва, Қаржы директоры

Орталық кеңсе: үл. Хаджи Мукана, 22/5,
050020, г.Алматы, Казахстан

Филиал: пр.Туран, 18, блок В, офис 206
010000, г.Астана, Казахстан


Орталық кеңсе. Тел.: +7 727 2 449 888
e-mail: info.kz@siemens-healthineers.com

Сервис орталығы. Тел.: +7 727 2 449 444
e-mail: service.kz@siemens-healthineers.com
www.siemens-healthineers.kz

Бұл мәселемен байланысты ықтимал қауіптердің алдын алу үшін пайдаланушы не істей алады?

Бұл мәселені қызмет көрсету ұйымымыздағы білікті қызметкер ғана анықтай алады. Ықтимал қауіптердің алдын алу үшін келесілерге көз жеткізіңіз:

- Егер **1-суретте** көрсетілген қате туралы хабар хост компьютерінде көрсетілсе, **жүйені өшіріп қоспаңыз**. Жергілікті Siemens Healthineers қызмет көрсету ұйымына хабарласыңыз.



1-сурет – қате туралы хабар. “Magnet Supervision: The average heater power is above the alarm threshold. Please contact Siemens Healthineers Service.” (Магнитті бақылау: орташа қыздырғыш уақыты дабыл шегінен жоғары. Siemens Healthineers қызметіне хабарласыңыз.)

- Siemens Healthineers қызмет көрсету ұйымы нұсқауымен тексеріс жүргізуге болатындай етіп, жүйеге кіруге рұқсат беріңіз.

Бұл мәселені түпкілікті қалай шешуге болады?

Siemens Healthineers компаниясы осы ықтимал мәселені шешуге бағытталған тексеру және қажет болса, түзету процедурасын әзірлеп жатыр. MR042/25/S тексерісінің 2025 жылдың тамызында қолжетімді болатыны жоспарланды.

Қызмет көрсету ұйымымыз бұл тексеру және қажет болса, түзету әрекетін орындау күнін жоспарлау үшін сізге көп ұзамай хабарласады. Бұл шараны ертерек жасатқыңыз келсе, жергілікті қызмет көрсету ұйымымызға хабарлассаңыз болады.

Бұл хабарлама мазмұнын тарату

Ұйымыңыз және басқа да хабардар болуы қажет адамдар осы хабарламамен бірге берілетін қауіпсіздік туралы ақпаратты алуын және ондағы ұсыныстарды орындауын қадағалаңыз.

Түсіністік танытқаныңыз үшін және қауіпсіздікке қатысты осы анықтаманы ескеріп, атсалысқаныңыз үшін алғысымызды айтамыз және қызметкерлеріңізге тиісінше дереу нұсқау беруіңізді сұраймыз. Қауіпсіздік туралы бұл анықтама өніміңізге қатысты жазбаларда дұрыс сақталғанын қадағалаңыз. Бұл ақпаратты кемінде түзету шаралары аяқталғанға дейін сақтаңыз.

Бұл қауіпсіздік туралы анықтамалық хабарламаны қабылдауды растау

Тіркелген қабылдауды растау құжатын толтырып, оны Siemens Healthineers компаниясына қайта жіберу нұсқауларын орындаңыз.

Сөз болып отырған өнім жұмыс орнында болмаса не болады?

Бұл жабдық бұдан былай иелігіңізде болмаса, оның иесіне осы қауіпсіздік туралы анықтамалық хабарламаны жіберіңіз. Қатысты болса, жабдықтың жаңа иесі туралы бізге хабарлаңыз.

Тиісті ұлттық құзыретті органға осы хабарлама туралы хабарланады.


Siemens Healthcare GmbH өнімдері сөз болса, бұл Тұтынушылардың қауіпсіздігіне қатысты анықтамалық хабарлама Siemens Healthcare GmbH атынан жіберіледі.

Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және түсіністік танытқаныңызға алдын ала рақмет.

Құрметпен,



Михаил Михайлов
Сервис орталығының техникалық жетекшісі
«Сиенс Денсаулық сақтау» ЖШС



Акиик Мухамедкалиева
Сервис орталығының координаторы
ТОО «Сиенс Здравоохранение»

31.10.2025

Тұтынушылардың қауіпсіздігіне қатысты анықтамалық хабарлама,
MR040/25/S



Жаңартуға жататын жабдықтар тізімі және жаңартулар тізбесі:

Номер апдэйтa	Серийный номер, наименование оборудования, подлежащего обновлению	Название обновления
MR040/25/S	151048 Biograph mMR 40333 MAGNETOM Verio 45785 MAGNETOM Skyra (DE)	INSPECTION OF MAGNET VENTING SYSTEM